



**«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ТҮРКІТАНУДЫҢ
ОРТАҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты дәстүрлі халықаралық симпозиум материалдары

10-15 мамыр 2016 жыл

**«COMMON ISSUES
OF KAZAKH PHILOLOGY AND TURCOLOGY»**
traditional international symposium materials

10-15 may 2016

ӘОЖ 84(100)
КБЖ 83.5
Қ 14

ЖИНАҚТЫ БАСПАҒА СҮЛЕЙМЕН ДЕМИРЕЛ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН

ЖИНАҚТЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Н. Сейітқұлов (Сүлеймен Демирел атындағы университет)
Б. Исабек (Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық институты)
Ғ. Тұяқбаев (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті)
Н. Нұрпейісов (Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық институты)
А. Әлібекұлы (М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты)
Д. Гаипов (Сүлеймен Демирел атындағы университет)
А. Нұржанова (Сүлеймен Демирел атындағы университет)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОРЫ

Ұ. Еркінбай (Сүлеймен Демирел атындағы университет) Ғылым департаментінің Бас маманы

Қ 14 **ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ТҮРКІТАНУДЫҢ ОРТАҚ МӘСЕЛЕРІ /**
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы.
– Алматы: «Танбалы» баспасы, 2016. – 1316 бет.

ISBN 9965-738-96-3

Түркі руханияты, түркі өркениетінің құнды дүниелері – адамзаттың асыл қазынасы. Түркілік құндылықтар негізінде барлық түркі тілдес елдердің әлеуметтік, рухани бірлігін сақтау күн тәртібінен түскен емес. Бүгінгі таңда күн тәртібінде түркілік рухани байланыстарды жаңаша зерттеу міндеті тұр. Түркілік ортақ әліпби, ортақ тіл, ортақ рухани құндылықтар, ортақ тарих пен әлеуметтік негіздердің ортақ даму үдерісі тәрізді мәселелерді бірлесе отырып зерттеудің түркілік бірлікке, ынтымақтастықтың дамуына игі ықпал етері сөзсіз.

Қолдарыңыздағы «Қазақ филологиясы мен түркітанудың ортақ мәселелері» атты еңбекте филология ғылымдарының докторы, профессор Дандай Ысқақұлының ғылыми жетістіктері және жалпытүркілік құндылықтарды зерттеу тәсілдері, Қорқыт мұрасын зерделеудің өзектілігі қамтылған. Кітап ЖОО студенттері мен ізденушілерге, жас ғалымдар мен түркітанушыларға, гуманитарлық сала мамандарына арналған.

ӘОЖ 84(100)
КБЖ 83.5

ISBN 9965-738-96-3

ЕКІНШІ ТАРАУ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІНДЕГІ ТУЫНДЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Г.А. АДИЛОВА

Қарақалпақстандағы қазақтардың тілі басқа да диаспоралар тәрізді ерекше құрылымға ие. Бөтен тілдік ортаға түскен диаспора өкілдері өзін қоршаған өзге халықтардың мәдениетімен де қарым-қатынасқа түседі. Мұндай жағдай этномәдени лексиканы байытады. Қарақалпақстандағы қазақтардың этнографиялық лексикасы қазақ тілінің жалпыхалықтық негізін сақтай отырып, өзбек, қарақалпақ, түрікмен тілінің әсерін сезінеді, сонымен қатар батыс сөйленістеріне жақын аймақтық ерекшеліктер көрінісі де ұшырасады.

Мұндағы туынды сөздер атау қажеттілігіне сай заңдылықтар арқылы жүзеге асқан. С.Исаев: «Сөзжасам сөз таптарын жасау, тудыру емес, тілдің лексикалық құрамын байытатын жаңа мағыналы сөз тудыру, тек одан кейін жаңа жасалған сөздің грамматикалық сипаттары арқылы белгілі бір сөз табына енеді» [1, 244], – дейді. Мысалы, үйлену салтына байланысты *құғыншы* атауы, жерлеу салтына орай жасалған *сүйекиі, күзетші* сөздері зат есімдер тобына *-шы* жұрнағының қызметі арқылы енсе, *басын тікейтү, қарын шапшын алу, бесікке салу* тәрізді күрделі атаулар егістіктер тобын құрайды. Сөйтіп, сөзжасамда басты мәселе – туынды сөз. Осы туынды сөз терминін айқындау барысында оның табиғатына қатысты мәселелер, көзқарастар анықталады. А.Ысқақов туынды сөз қатарына жұрнақ арқылы жасалған сөздерді жатқызады [2, 89-90], бұл тұжырым бойынша *елші, елшілік* типіндегі сөздер туынды, жалаң түбірлер саналады да біріккен, қысқарған, тіркескен, қос сөздер күрделі сөздер қатарына жатқызылады.

Туынды түбір этнографизмдер сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалады. Қазақ тілінің басқа лексикалық қабаттары тәрізді әдет-ғұрып лексикасы атаулары да сөзжасамның тәсілдері арқылы жасалады. Қарақалпақстан қазақтарының әдет-ғұрып лексикасында этнографизмдер негізінен *-шы/ші, -лық/лік, -ма/ме, -у* жұрнақтары арқылы жасалатыны байқалады.

Жергілікті қазақтар тілінде *-шы/ші* жұрнағы арқылы жасалған *сүйекиі, күзетші, құғыншы, жаушы* т.б. этнографизмдер қолданылады. Бұл жұрнақтың іс-әрекетті жасаушы, субъектіні білдіретін мағынасы көне жазбалардан (*бедізчі*) белгілі [3, 175]. *-Шы/ші* жұрнағының осы «іс-әрекеті жасаушы, субъект» мағынасы түркі тілдерінің қазіргі қолданысында бірнеше парадигмалық байланыста қатысымға қызмет етеді. А. Ысқақов оның: 1) кәсіп иелерінің я мамандық атауларын, белгілі кәсіппен шұғылданатын адамды (*тілші, т.б.*); 2) адамның белгілі дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын (*аңдушы т.б.*); 3) қоғамдық көзқарасты жақтаушының және белгілі бір қоғамдық ұйымға қатысушының атын (*берсиевши, спортшы, т.б.*) білдіретін көрсетеді [4, 150]. Б.Орузбаева аталған жұрнақтың «мамандық, кәсіп» ұғымдары атауын (*малчы*) жасайтынын айтады [5, 145]. Т.М.Гарипов бұл жұрнақтың татар, қазақ, өзбек, түрікмен, чуваш тілі тәрізді түркі тілдері мен монғол тілдеріндегі дыбыстық нұсқаларын салыстыра келе, башқұрт тіліндегі «істі істеуші, мамандық» мағыналарын олардың белгілі затқа, іс-әрекетке қатысына қарай айқындайды, бұлар себепші негіз қызметін атқарады дейді [6, 61-65].

Қарақалпақстандағы қазақтар тілінен алынған деректер бойынша да аталған мағыналарды көруге болады. *Құғыншы* – алып қашып кеткен қыздың артынан іздеп барушы, іздеуші мағынасында қолданылатын этнографизм. Архисема – қуу болғанымен, бұл атаудың семантикасы басқа, яғни, «қыздың іздеушісі, сұраушысы» бар дегенді білдіреді.

Күзетші – қайтыс болған адамның денесін жерлегенше күзетіп отыратын жақын туыстары деген мағынада қолданылатын этнографизм. Мұнда жергілікті сипаттағы сема – «құрмет», ол басқа *қонақасы* т.б. ырымдарымен ұласып жатады. Бұл этнографизм күзет түбіріне туынды есім жасайтын *-ші* жұрнағы жалғану арқылы жасалған.

Сүйекші – қайтыс болған адамның денесін қойымшылыққа апарып, жерлеуге қатысатын адамдар мағынасында қолданылатын этнографизм. Бұл этнографизм сүйек есіміне -ші жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Қарақалпақ тілінде сүйек сөзі екі түрлі мағынада қолданылады: 1. Адамдар мен жан-жануарлардың денесінің негізгі қатты бөлімі, дене қаңқасы. 2. Өлінің денесі. Соңғы мағынасына байланысты сүйекші, сүйекке кіру, сүйекшілер және т.б. сөздер пайда болған [7, 231]. Ал қазақ тілінде сүйек сөзі төрт түрлі мағынада қолданылады: 1. Адам мен айуан денесінде қаңқа және оның бөлшектері. 2. Ру, текті білдіреді. 3. Өсімдіктің тұқымы. 4. Ауыспалы мағынада өлік дегенді білдіреді. Осы соңғы мағынасына байланысты сүйекші, сүйекке кіру және т.б. этнографизмдері қалыптасқан [8, 290].

-*Шы/ші* жұрнағы арқылы жасалып, жалпыхалықтық тілде көне сөз саналып жүрген этнографизмнің енді бірі – *жаушы/саушы* лексемасы. Қазақ тілінің «Диалектологиялық сөздігінде» оның мағынасы «құдалар арасында жүруші, хабаршы, елші» болып ашылған (ДС.275). Ал Қарақалпақстандағы қазақтар тілінде *саушы, саушы жіберу* тұлғаларында жұмсалады.

М.Қашқарида *саб* – сөз дегенді білдірумен қатар, а) *мақал-мәтелдер*, ә) *қисса*, б) *хикая*, в) *хат, хабар, кітапша*, г) *хабар* тәрізді семаларды және *саушы* тұлғасында «елші, қыз-күйеулер, құдалар арасында келіп-кетіп, хат хабар жеткізіп, елшілік жасайтын адам» мағынасында түсіндірілген (МҚ, 3, 214-215). Сөздің көнелігін оның қазіргі түркі тілдерінде (өзбек – *совчы*, татар – *яучы*, чуваш – *иевче*) сақталуы танытады.

Р.Сыздықова оғыз тілдеріндегі (*саашчы*) және ескі өзбек тіліндегі (*совчы*) «елші, туыстар мен құдалар арасында хат тасушы адам» мағынасы да, қырғыз тіліндегі *жуучу*, қазақ тіліндегі *жаушы* сөздерін *саучы* тұлғасының варианты деп таниды. Қазақ тіліндегі *сөз саптау, сауын айту* тіркестерінде сақталған *саб/сау* түбірлерінің архисемасы – *сөз*. Ғалымның пайымдауынша сөз мағынасы тарылып, сараланған [9, 77]. Қазақ тілінде сөздің архисемалық варианты *сөз саптау, сауын айту* тіркестерінде сақталған да, тілдердің ыдырау кезеңінде қазақ тілінде *ж* варианты басымдылық танытқан. Архетипі «*сав-сөз*» ұғымын білдіретін *жаушы/саушы* лексемасы құда түсер алдында қыздың әке-шешесіне барып, келісін алып қайтатын адам мағынасында қолданылады.

Сөйтіп, *-шы/ші* жұрнағы түркі тілдерінің бәрінде өнімді сөз тудырушы әрі омоним жұрнақ екенін тіл деректері дәлелдейді. Зерттеліп отырған тақырыпқа оның сөз тудырушы қызметі ғана қатысты.

Қалеу (*қала+у*) – кіндік шешенің баланың әке-шешесінен алатын сыйы. Бұл этнографизмнің түбірі *қала* болып, ол, «колқа салу, сұрау» дегенді білдіреді (ҚТТС, 5.580). -у жұрнағы арқылы «сұрау, өтіну, таңдап сұрау» мағынасындағы туынды этнографизм жасалған. Бұл қосымша *қала* етістігіне жалғанып *сұрау, бұрау, тілеу, көсеу, қанау, жабу, жоқтау, жерлеу* және т.б. туынды түбірлер сыяқты жаңа термин жасаған. *Қалеу* түрінде «*бұйымтай сұрап, қалап алмақшы болған нәрсе, қолқа*» (ҚТТС, 5, 585), *ат-түйедей қаледі, құда қалесе, қалеуің білсін* сыяқты тұрақты сөз тіркестерінде де, қазақ тіліндегі *қалау рай* терминінде де осы мағына берілген. Қарақалпақстан қазақтарының тілінде қарақалпақ тілінің әсерімен *қалеу* түрінде қолданылады.

Шашу (*шаш+у*) – қазақ тіліндегі *шілдехана* сөзінің синонимі. Бұны кей жерлерде *бесік той* деп те атайды. Бұл мерекені туу үйінен шығып келген нәрестенің өмір жолына садақа, қуанышты атап өту ретінде береді.

Нәресте дүниеге келгенде, келін түскенде, құда келгенде, жақындары алыс сапардан келгенде және т.б. осы сыяқты қуанышты күндерде әйелдер құрттан, кәмпиттен, бауырсақтан шашу шашады. *Шашу* шашу арқылы қазақтар өз қуанышы мен сезімінің асып төгілуін көрсеткен және бұл қуанышты басқалармен бөлісіп, соларға да тілектестігін білдірген.

Лу (*іл+у*) – қызын тәрбиелеп өсіргені үшін ұрын барғанда берілетін қаде. Е.Жанпейісовтың пікірі бойынша, *лу* монғолша *өлгий* сөзінің фонетикалық варианты деп есептеледі. *Өлгий* сөзі «бесік» және «күміс құймасы», «алтын» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тілінде *өлгий* сөзі бұрын *елгей* формасында қолданылған [11, 38].

Аластау (*алас+та+у*). Бұл сөз діни сенімдерге байланысты пайда болып, ол «барлық жаман нәрселерден баланы қашық ұстау» дегенді білдіреді. Мысалы:

Алас, алас, бәледен алас,

Алас, алас, дәртіңнен алас.

Р.Г.Ахметьянов *алас* сөзін Орта Азия, Сібір, Қазан татарларының тілінде «көктемде от жағып, үстінен секіру, яғни аластау, барлық жаманшылықтан тазару» деген мағынада қолданылатынын көрсеткен және *алас* сөзін қыпшақтардың алаш ұранымен байланыстырады. Сондай-ақ оның пікірінше, *алас* сөзі парсы тіліндегі *ал* – «от, жалын» сөзінен шыққан, ол отқа табынумен байланысты шыққан «от» деген түсінікті білдірген. Ал, *аластау* сөзінің екі мағынада қолданылатынын көрсеткен: 1) «ауыруды

отпен ұшықтап емдеу, ескі сенім бойынша қас күштерді қуудың ырымын жасау»; 2) «қылмысты адамды жазалау, масқаралау» [10, 67].

Жоқтау (*жоқ+та+у*). Түркі халықтарының барлығында дерлік қайтыс болған адамға арналып қайғылы әуенмен айтылатын жыр «Жоқ» сөзі ескі түркі тілінде «қайғы» мағынасын білдіріп, өліні жерлеуге байланысты дәстүр немесе қайтыс болған адамға берілетін ас [12, 136] мағынасында қолданылған. А.Н.Кононов ескі түркі тіліндегі *уоq* сөзінің бір мағынасы «қаза, өлім» екендігін көрсетеді [13, 114]. Күйеуі өліп, қаралы болған әйел қайғысының ауырлығын білдіру үшін бес саусағымен бетін жыртып, қан шығарады. Өлген адамның әйелі күйеуі қайтыс болған күннен бастап, басына қара жамылады. Әйелі, қыздары, апа-қарындастары жыл бойы күн сайын таңертең ерте тұрып, жүзін керегеге қаратып, дауыс шығарып жоқтау айтатын болған. Жоқтау жырында қайтыс болған адамның ел-жұрт, ағайын-туыстарына тигізген пайдасы, қамқорлығы, ерлігі және т.б. қасиеттері туралы айтылады.

«Жоқтау» лексемасының қазақ және басқа түркі тілдеріндегі мағынасы, этимологиясы туралы мәліметтерді этнограф-ғалым Е.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» атты еңбегінен көреміз. Автор жоқтау этноатауының мағынасын «плач, причитания, оплакивать» деп түсіндіре отырып, семантикасы бойынша жоқтау этнографизмі жоқтау айту, дауыс айту, дауыс ету лексемаларымен сәйкестігін көрсетеді, сондай-ақ, қарақалпақ тіліндегі «дауыс шығару» этнографизмімен мағыналас екендігін келтіреді [14, 66-68]. Біздіңше, бұл формалар сырттай қарағанда мағыналас көрінгенімен олардың арасында айырмашылық бардай сезіледі. Біріншіден, жоқтау, дауыс айтуды тек әйелдер ғана айтады. Екіншіден, «ат қою» немесе «дауыс шығару» бұл өлік жатырған үйге келе жатырған адамдардың шығаратын дауысы. Бұлар жоқтау айтатын әйелдердей біраз уақыт дауыс шығарып отырмайды.

Жоқтау сөзінің астарында бардың жоғалуы, болған нәрсенің жоқ болуы, өткен адамның қадір-қасиеті, қазаның орны толмайтындығы, қайғылы шері аңғарылады. Тілмен айтып жеткере алмайтын, сағынышты жүректің шерлі көңілі жоқтау арқылы сыртқа шығып, мауқын басады. Жоқтаудың негізгі мағынасы да осында деп айтуға болады. Ал жоқтау айтылмаса, жанашыры, жоқтаушысы жоқ деп кінә тағылған, кешірілмейтін айып деп есептелген.

-ие жұрнағы түркі тілдерде, соның ішінде қазақ тілінде өнімді жұрнақтардың бірі болып есептеледі. Бұл жұрнақ арқылы жасалған есімдер түбірде білдірілген әрекетке тиісті болған немесе сол іс нәтижесінде пайда болған предметті білдіреді. *-ие* жұрнағы зат есім жасаудағы ең бір өнімді жұрнақтардың қатарында болғанымен, этнографизмдерден тек *ентікпе*, *тыштырма* деген сөздерді ғана жасап, басқа өз алдына сөз жасау қасиетіне ие емес.

Тыштырма (*тыш+тыр+ма*). Бұл сөздің негізгі мағынасы— «балаға бесік құт дарытсын» деген түсінік. Кексе әйел баланы бесікке салғанда төңірегіндегі әйелдердің көмегімен бесікке салу ырымдарының бәрін жасап отырады және бесікке салатын әйел балаға арнап киім, шашуын да қосып алып келеді. Шашуға алып келген заттарды бесіктің түбегі тұратын тесіктен шашып, «тышты ма?» деп сұрайды, төңіректегі адамдар «тышты, тышты» деп жауап беріп отырады. Бұндағы мақсат — «сол тесіктен кіретін жын-шайтан, жаман пәлекеттер баланың дәретінің астында қалды, енді ол балаға жақындай алмайды, адам көп жерден аулақ болады» деген сенімге негізделу.

-дық/-дік жұрнағы. Бұл жұрнақ та абстракт есімдерді жасайтын өнімді жұрнақ, ал оның этнографизмдерді жасаудағы өнімділігі шектелген: *көрімдік*, *қалыңдық*.

Көрімдік — қалыңдықты, күйеу баланы немесе дүниеге келген нәрестені ең алғаш рет көрген адамға берілетін қаде [15, 216]. Бұл этнографизм көр етістігіне зат есім жасайтын *-ім* және *-дік* жұрнақтары жалғану арқылы жасалған.

Қалыңдық Қалың сөзінен қазақ және кейбір түркі тілдеріндегі *қалыңдық* «келіншек» сөзі пайда болған. Оған татар және башқұрт тілдеріндегі *кәләш* «айттырылған қыз, келіншек» [16, 86] сөзін де жақындастыруға болады. Бұл сөз қазақ тілінде *қалаш* түрінде қолданылып, ол тек күрделі сөздің құрамында ғана қолданылады: *қатын-қалаш*. Себебі екеуі де *қалаш* және *кәләш* сөздері бір морфема болып есептеледі, яғни, *қалыңдық* сөзіне семасиологиялық жағынан *қалаш* лексемасы жақын және екеуі де бір мағынаны білдіреді.

Этнографизмдерді пайда етуде қатысатын жұрнақтар түркі тілдерде қолданылып келе жатырған жұрнақтардан бүтіндей айырылып тұратын өзіне тән грамматикалық формалар емес, ал бұл тілдерде әр түрлі мағынадағы сөздерді жасауда қатысатын жұрнақтық морфемалар болып есептеледі.

Қарақалпақстан қазақтары тілінде синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды түбір этнографизмдер көп емес, жергілікті сипаттағы атаулар бірен-саран. Себебі жергілікті қазақтардың мәдениеті тамырын жалпытүркілік, оның ішінде қазақтың ұлттық мәдениетінен алады, қазақ мәдениетінің аймақтық бояу, ренкімен өрнектелген синтезді көрінісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы: Рауан, 1998, 244-б.
2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология-Алматы: Ана тілі, 1991,89-90б.
3. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 1999, 225-б.
4. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы: Мектеп, 1988, 175-б.
5. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе: Илим, 1964.-с.145.
6. Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразование. Уфа, 1959.с.61-65.
7. Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі.- Нөкіс.Қарақалпақстан, 1992. Т.IV. 231-б.
8. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы. Қаз ССР Ғылым Академиясы, Т.II.1961.290-б.
9. Сыздыкова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994,77-б.
10. Ахметьянов Р.Г. Общая лексика духовной культуры народов Среднего Поволжья. М., Наука, 1981, 67-бет.
11. Жанпейсов Е. Историко-этимологические заметки.// Известия АН Казахской ССР. Серия филологическая. 1980. №1, 38-бет.
12. Махмуд Қошғорий Девону луғот-ит турк. Тошкент. 1967. 136-б.
13. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. Л., 1980. с.114.
14. Е.Жанпейсов. «Этнокультурная лексика казахского языка» А, Наука, 1989.66-68 б.
15. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 5-т. Алматы. Ғылым. 1980. 216-б.
16. Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка, Москва, 1980. 86-бет.

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК НА ПЕРЕКРЕСТКЕ ПУТЕЙ

АХМЕТЖАНОВА З.К.

Одна из работ Д.Ысқақова названа «Тіл – майдан», данное метафорическое наименование очень точно отражает социально-научно-политическую ситуацию, складывающуюся вокруг казахского языка и проблем его развития, функционирования, психологического престижа. Напомним что начальный период правозглашения независимости и становления Казахстана как суверенного самостоятельного государства был ознаменован бурным обсуждением круга проблем, связанных с выбором и обоснованием статуса казахского языка как государственного. Эта дискуссия, во-первых очень четко определила позиции нескольких групп казахстанского общества, связанных как с этническим происхождением, так и с консервативно-совновым психологическим настроем, нежеланием резких перемен в привычном комфортном для них укладе жизни. Сюда мы относим казахстанцев – этнических русских и русскоязычных казахов.

Казахстанцы славянского происхождения в советский период чувствовали определенное психологическое преимущество перед представителями других этносов, связанное с доминированием русского языка во всех сферах общения и с позиционированием русского языка, русского этноса, русской культуры, как более развитого. Определенную роль в этом сыграла идеология русификаторства, в конечном счете направленная на ликвидацию этнико-культурной идентичности представителей других, кроме русского, этносов. В отношении данной группы была проделана работа по организации курсов казахского языка, введение практического казахского языка.

Казахстанцы – русскоязычные казахи в значительной степени ассимилированные в русскую культуру, хорошо владеющие русским языком, и психологически считающие себя стоящими на более высокой ступени социально-иерархической лестницы, чем, например, казахи, получившие образование на казахском языке и недостаточно интегрированные в русский язык и культуру, ощущали себя достаточно комфортно и в сложившихся в советский период условиях. Указанная группа русскоязычных казахов в изменившихся обстоятельствах оказалась наиболее сложном положении. С одной стороны, как представители казахского этноса, они понимали, насколько необходим статус государственного языка казахскому языку, ибо это – дает возможность финансовой, организационной, юридической поддержки казахскому языку оказавшемуся тогда в плачевном состоянии. С другой стороны, русскоязычные казахи, потерявшие связь с исконной культурой и стоявшие на грани потери этнической идентичности, хорошо представляли, что нужны будут значительные усилия по изучению казахского языка и культуры, вхождению в контекст казахской культуры. Попутно отметим, что носители языка наивно предполагают, что знание языка, владение языком и этническая идентичность взаимообусловлены.